ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 21 шілде №2301-25-00-2/1584 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Р.Балмуханова,
сот отырысының хатшысы М.Медетова болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекетік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Ережеп Ербол Серікұлы»

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі С.А.Мақсотова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 25 ақпанда тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №ГЗ - 127 шарт (келесіде – шарт) жасалған.

Шарт бойынша жауапкер тапсырыс берушіге автоматты басқару/реттеу жүйесін құруға арналған 7 дана контроллерді тапсырыс берушінің өтінімі бойынша күнтізбелік 15 күн ішінде орындауға міндеттеме алған.

Талап қоюшымен ұсынылған веб-порталдан үзіндіге сәйкес, тапсырыс өнім берушіге 2025 жылғы 11 сәуірде жолданған, сәйкесінше жауапкермен міндеттеме 26 сәуірге дейін орындалуы тиіс болған.

Тараптардың арасындағы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт 2025 жылғы 10 маусымда бұзылған.

Талап қоюшы сотқа талап қойып, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қою талабының негізі ретінде жауапкердің тараптар арасында жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанын, тауарды жеткізбегенін көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкермен сотқа талапқа қарсы пікір жолданбаған.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған жауапкер сотқа келген жоқ, келмеуі себептерінің маңыздылығы жөнінде сотқа мәлімет берген жоқ және істі өзінің қатысуынсыз қарауды немесе сот отырысын кейінге қалдыруды өтінген жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің (әрі қарай – АПК) 196-бабының 4-бөлігін басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде – АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 8-бабының 4-тармағының 4) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көзделген мерзімде сотқа тиісті талап қоюмен жүгініп, міндетін орындаған.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамаған, салдарынан талап қоюшы шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылған.

Мұндай жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын сот негізді деп таниды және талап қанағаттандырылуға жатады.

Жауапкерден АПК-нің 117-бабының талабына сәйкес, мемлекет кірісіне 1966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 196, 117, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Балмұханова А. Р., 21.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 22.08.2025, судья Саудабаев А. Б., 02.09.2025

«Атырау облысының энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекетік кәсіпорнының «Ережеп Ербол Серікұлы» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Ережеп Ербол Серікұлы» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Ережеп Ербол Серікұлы» жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья **А.Р.Балмуханова**

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 21.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 22.08.2025, судья Саудабаев А. Б., 02.09.2025

2301-25-3-1/1901